

**«Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі»
республикалық мемлекеттік мекемесі бойынша Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық
Анықтама**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» негізінде «Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі (*әрі қарай – Мекеме*) бас директорының 2024 жылғы 28 мамырдағы №092-н/қ бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы 2024 жылғы 1 маусым мен 30 маусым аралығында Мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Жұмыс тобы Мекеме қызметінің келесі бағыттары бойынша талдау жасады:

1. Мекеменің қызметін қамтитын нормативтік құжаттарда және оның ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау Мекеме құзыретіне жатпайды.

Мекеменің өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын заңнамаларды бұзушылықтар тіркелген жоқ.

2. Ішкі нормативтік құжаттар негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеме бас директорының бұйрықтары мен өкімдерін орындау бойынша жауаптылық бас директордың орынбасарлары мен құрылымдық бөлім басшыларына жүктелген. Талдау жүргізілген кезеңге алғанда кіріс құжаттары, атап айтқанда жеке және заңды тұлғалардың өтініш-арыздары уақтылы қаралып, жауап берілген.

Мекеме басшылары бекітілген кестеге сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүргізді. Ешқандай бұзушылық фактісі тіркелген жоқ.

Ішкі нормативтік құжаттар негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Мекеме қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің қызметкерлері мен филиалдардың басшылығына 28.05.2024 ж. №092-н/қ бұйрығына сәйкес Мекемеде ішкі талдау жүргізілетіні туралы хабардар етіліп, жиналыс өткізілді.

Талдау барысында Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық әрекеті тіркелмеді және лауазымды тұлғалардың әрекетіне шағым түспеді.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің, қақтығыстарға қызығушылықтарын бақылау.

Жұмысқа қабылданған қызметкерлер, ауысу себептері, қызметкерлерді жұмыстан босату, жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының бірлескен

жұмысы, атқаратын лауазымға тікелей бағыныстағы лауазымды атқару фактілері анықталмады.

Ұйымдастырушылық-басқару қызметінен туындайтын мәселелерді жүзеге асыру кезінде болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен келісіліп, бекітілген Мекеменің құрылымына сәйкес штат саны 320 бірлікті құрайды. Штаттан тыс қызметкерлер саны 133.

Есепті кезеңде жұмыстан шыққандар – 11. Барлығы өз өтініштеріне сәйкес қызметтерінен босатылған. Теріс әрекеттермен жұмыстан босату болған жоқ.

Жұмысқа қабылданғандар – 8. Жұмысқа қабылдау еңбек заңнамасына сәйкес құжаттары толық қабылданып, еңбек шарттар жасалып, бұйрықтармен рәсімделген.

Қаржылық-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен бекітілген қаржыландыру жоспары бойынша жүргізіледі. Есепті кезеңде бюджеттік қаржы толығымен игерілген. Қызметкерлер мен жұмысшыларға еңбек ақы төлеу жүйесі ҚР Үкіметінің 31.12.2015 ж. №1193 Қаулысына сәйкес төленеді.

Көрсетілген қызмет түрлеріне, алынған тауарларға ақы төлеу мемлекеттік сатып алу бойынша Қазынашылық департаменті арқылы жасалады.

Талдау жүргізілген аралықта Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметінде сыбайлас жемқорлық фактілері болған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекемеде мемлекеттік сатып алу бойынша қызмет түрлері мен тауарларды сатып алу мемлекеттік портал арқылы жүргізіледі. Жұмыс барысында мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптары қатаң сақталады. Талдау жүргізілген кезеңде мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша ешқандай бұзушылық орын алған жоқ.

Жұмыс тобының құрамы:

Бас директордың орынбасары Кунаев К.

Бас директордың орынбасары Шантаев А.

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы Кожанов С.

Кәсіподақ төрайымы Мухаметжанова Р.

Негізгі қызметтер бас
инспекторы Исабекова К.

Бас директор

А.Конакбаев